



Сыр бойы

№28
(20501)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

21 ақпан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz / www.syrboi.kz

www.facebook.com/syrboi.kz/

www.instagram.com/syrboi_kz

https://twitter.com/syrboi

t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимованы қабылдады.

Кездесу барысында Президентке Конституциялық Сот өз

жұмысын бастағаны, өкілеттігін жүзеге асыруға кіріскенін, сондай-ақ биылғы 1 қаңтардан бері азаматтардан келіп түскен өтініштер жөнінде мәлімет берілді.

Эльвира Азимова конституциялық іс жүргізуге қабылданған өтініштер мен конституциялық бақылау аясында жоспарланған шаралар туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев конституциялық іс жүргізудің барлық сатысының ашықтығын және Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі туралы азаматтардың хабардар болуын қамтамасыз етудің, сондай-ақ Ата заңның сақталуына бақылауды күшейтудің маңызды екенін атап өтті.

ҚҰРМЕТ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ АЛҒЫС ХАТЫН ТАБЫСТАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына арнайы барып, ардагер ұстаз Сұлупан Шамшадинаваға Мемлекет басшысының Алғыс хатын табыстады.

Тереңөзек кентінің тұрғыны Сұлупан Шамшадинава ел Президенті болып Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сайланғанда қуанышын ашық хат жазып жеткізген болатын. Ақ жаулықты ана өз хатында Мемлекет басшысына жаңа Әділетті Қазақстан құру идеясын іске асыру жолында сәттілік тілеп, Сыр елі жұртшылығының атынан ыстық ықыласы мен құлдауын білдірді.

«Мен қасиетті Сыр елінде туып-өсіп, киелі Сырдария өзенімен аттас Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде бүкіл саналы ұмырым түте. 40 жыл ұстаздық еткен абзал ана ретінде ұрпағымыздың болашағы қандай болады деген сауал үнемі мазалайтын. Елде орын алған дүрбелең, әлемді жайлаған пандемия елді қажытып жібергені рас. Міне, биыл өткен Президент сайлауында ұсынған бағдарламаның осынау қиыншылықтардың барлығы артта қалғанына көзімізді жеткізгендей. Еліміздің болашағын айқындайтын маңызды шешім қабылданып, Әрине, бұл өте дұрыс әрі мезгілінде қабылданған бағыт-бағдар деп есептеймін.

Көзі ашық, көкірегі ояу еліміздің бір азаматы ретінде еліміздегі жаналықтардан хабардар болып отырамыз. Әсіресе, аймақтағы жаналықтар мен туған өлкеміздің даму көрсеткіштері көңілді қуантады» делінген ашық хатта.

Аймақ басшысы Президенттің алғысына бөленген ұлағатты ұстазды

құттықтап, оған белсенді азаматтық ұстанымы мен туған жеріне деген жанашырлығы үшін ризашылығын білдірді.

Сұлупан Шамшадинава саналы ұмырын өскелең ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Ағартушылық қызметін шеберлікпен атқарумен қатар, қоғамдық-саяси жұмыстарға да белсене қатысты. Ауылдық кеңес депутаты, аудандық бақылау тобының, «Сыр ана» әжелер ансамблінің мүшесі болып, өзіне тапсырылған басқа да жұмыстарды атқарды, әлі де ауданның қоғамдық өміріне белсенді атсалысып келеді. Ұстаз есімі «Ай дидарлы аналар», «Сырдария, Сырдария-Тереңөзек», «Сыр өңірінің мәдениеті» атты кітаптарға енді. Өмірлік жары Бақытжан Сауытбаевпен бірге 54 жыл отасып, бес бала өсіріп, тәрбиелеген. Перзенттері жоғары білім алып, әрқайсысы бір-бір отбасы болып, еліміздің дамуына үлес қосып келеді.

Ел болашағы – жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде елеулі жетістіктерге жеткен, білімін, тә-



жірибесін, күш-жігерін өскелең ұрпақ игілігіне жұмсаған, аудандағы қоғамдық жұмыстарға араласып, белсенділік танытқан, туған жердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан ардагер-ұстазға «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Аға мұғалім» атағы беріліп, бірнеше рет министрліктің, облыс, аудан әкімінің «Құрмет грамоталары» мен «Алғыс хаттары», «Еңбек ардагері» төсбелгісі табысталған.

Айта кетейік, аймақ басшысы Сырдария ауданына жұмыс

сапары кезінде Тереңөзек кенті А.Алиқбаров көшесінде орналасқан көпқабатты тұрғын үй аулаларын абаттандыру жұмыстарымен танысты. Мердігер мекеме «Асанас-Дар» ЖШС өткен жылы желтоқсан айында тұрғын үйлер аумағын жөндеп, қалпына келтірді.

Мұнан бөлек, облыс әкімі аудан орталығындағы «Углесбыт» ЖШС күріш ақтау зауытының жұмысын көрді. Кәсіпорын тәулігіне 100 тонна күріш өңдеуге қауқарлы, мұнда 30 адам жұмыспен қамтылған.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КӨРКЕЙТУ – КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласының сәулеттік келбетін көркейту жөніндегі мәжіліс өтті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.



ұсыныс беруді тапсырды.

Қазақстандық урбанистер қауымдастығының төрағасы Ерлан Аукенов және «ENVICON» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Роман Шнайдерман облыс орталығының қоғамдық кеңістіктерін тиімді пайдалану бойынша әзірлеген ұсыныстарын таныстырды.

Атап айтқанда, қала көшелері мен көпшілік жиналатын орындарды көгалдандыру, барлық тұрғындар үшін ыңғайлы демалыс аймақтарын қарастыру және жаяу жүргіншілердің кедергісіз қозғалуына жағдай жасау мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы Сыр елінің бас шаһарын көркейту бағытында атқарылған жұмыстар үшін алғыс білдірді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов пен қала әкімі Асылбек Шәменовке тиісті сала басшылары ұсынған жобаларды бірлесіп қарап, нақты

Еске салсақ, өткен айда Қазақстандық урбанистер қауымдастығының төрағасы Ерлан Аукенов пен «ENVICON» ЖШС директоры Роман Шнайдерман Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, дамыған мемлекеттердің қалаларды көркейтудегі озық тәжірибелерін таныстырған болатын. Сол жиында Қызылорда қаласының даму перспективалары талқыланды.

Бұған дейін Қазақстандық урбанистер қауымдастығы Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Павлодар, Шымкент, Тараз және басқа да қалаларды көркейтуге бағытталған жобаларды әзірлеген.

Президент бастамасымен елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынғаны белгілі. Оқушының сапалы білім алып, жан-жақты дамуына жағдай жасайтын жоба аясында алдағы үш жылда ел бойынша 401 жаңа мектеп салынақ. Ал Сыр өңірінде 2025 жылға дейін жаңа құрылыс стандарттарына сай 21 мектеп салу жоспарлануда. Биыл өңірде 10 білім ордасының құрылысы басталады.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: МЕРДІГЕРЛЕРГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Аталған жұмыстардың жүргізілу барысын талқылау үшін облысқа «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов арнайы келіп, облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовтың төрағалығымен өткен жиынға қатысты.

Қала әкімі, бірқатар облыстық басқарма басшылары мен департаменттер, мердігер мекемелердің басшылары, онлайн режимде аудан әкімдері қатысқан жиында «Жайлы мектеп» бойынша қолға алынған жұмыстар айтылды. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиевтің айтуынша, 2023-2025 жылдары облыста екі кезең бойынша аталған жоба толық іске асырылмақ. Биыл бірінші кезеңде іргетасы қаланатын 10 мектептің жер учаскелері нақтыланып, инженерлік желілермен қамтамасыз етілген халыққа тиімді аумақтардан «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның атына рәсімделген.

Қызылорда қаласындағы бес мектепке тоқталатын болсам, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 900 орындық мектептің құрылысы үшін 3,7 гектар, «Арай» және СПМК шағын ауданындағы 2000 орындық мектепке 3,8 гектар, «КБИ» шағын ауданындағы 600 орындық білім ордасына 2,04 гектар, сондай-ақ, «Қызылжарма» ауылдық округіндегі 900 орындық мектепке 2,5 гектар жер учаскелері табысты. Ал Арал ауданындағы 2 мектепке 2,04 гектар жер, Қазалы ауданы Жанқожа батыр ауылындағы 300 орындық мектеп құрылысына 2,8 гектар жер, Жанакорған ауданындағы 600 және 300 орындық білім ордасына 2,2 гектар жер телімдері берілді. 2024 жылы құрылысы басталатын 11 мектептің жер телімдері нақтылануда, – деді Е.Төрәлиев.

КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙГЕН КӘСІПОРЫН

«Alaqeum electric» компаниясының еншілес серіктестігі «КСМ KZ-2022» ЖШС – өңірдегі іргелі кәсіпорынның бірі. Толыққанды заманауи құрылғылармен қамтамасыз етілген, өндіріс қуаты артып, құрылыс саласына қажетті өнімдер өндіруде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»



Суреттерді түсірген Н.Нұржаубай

Қазір электр бағандары мен электр тасымалдау құрылыстарына қажет темір-бетон бұйымдарын шығарып жатыр. Көпқабатты тұрғын үйлерде арналған 9 метрлік плиталарды шығаруды да алғаш болып қолға алды.

Серіктестік материалдарына сұраныс жоғары. Зауыттың өндірістік-техникалық бөлім басшысы Аманбай Жұмабековтың айтуынша, өндірісте 200-ге жуық адам жұмыс істейді. Мұнда ерлермен қатар әйелдер де еңбек етеді. Кран айдайтындар да, технологтар да – солар. Ісіне жауапкершіліктен қарағанда, – Бізде біраз адам зей-

нет жасына жетсе де, жұмыс істеп жатыр. Өйткені, кадр тапшылығы бар. Электр дәнекерлеуші, электрик, краншылар керек, – дейді бөлім басшысы.

Өндірілетін өнімдер қатарында көп бөлімді жабын міне таспалық фундамент такталары, қабырға блоктары, темір-бетонды маңдайшала, дөңгелек темір-бетон шеңберлері, су жүретін трубалар, жол такталар, жылу жүретін трассалардың лотоктары, резервуар қабырғасының такталары, жол жиегіндегі тас такталар секілді өнімдер бар.

Жылдан жылға өнім түрі көбейіп, нарықтың

сұранысына сай жұмыс жасалуда. Осыдан бірнеше жыл бұрын электр бағаналары мен электр тасымалдау құрылыстарына қажетті темір-бетон бұйымдарын шығаруды облыста алғашқы болып қолға алғанбыз. Енді, міне көпқабатты тұрғын үйлерге арналған 9 метрлік плиталарды шығаруды да біздің зауыт бірінші болып өндіріске енгізді. Айта кету керек, зауыттың материалдық-техникалық базасы да жыл өткен сайын жанырап, бәсекеге қабілеті артып келеді. Құрылғылардың дені Ресейден әкелінген. Бұл жерде жұмысшылардың 30 проценті – қыз-келіншектер.

Технолог, инженерлік-техникалық құрам, кранның барлығын игіріп отыр. Жұмыстары өте тиянақты. Ерлермен тең дәрежеде иық тірестіріп, еңбек етуде. Ішкі нарықты толық қамтып отырған зауыт аймақтағы ірі, қуатты «Интерстрой», «Промстрой-сервис-Е», «Аман-құрылыс», «Асар», «Келешек» серіктестіктері, «ЕрАру» ЖК секілді 34 тапсырыс беруші мекемемен тығыз байланыста. Кәсіпорын алдағы уақытта да өнімділікті арттыруда белсенді еңбек ете береді, – дейді зауыт директоры Азамат Мұханов.



Advertisement for Amanat featuring a portrait of Jaimbetov Marhabat and text: 'ДАУЫС БЕР! НАР ТӘУЕКЕЛ! ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ОРНАТАМЫЗ!' and 'ЖАЙЫМБЕТОВ Мархабат'.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА №21 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ АТЫНАН ҮМІТКЕР ЖАЙЫМБЕТОВ МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Туып-өскен Сыр өңірінен «Аманат» партиясы атынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына №21 бірмандатты округі бойынша «Нар тәуекел» деп тусуға бел будым.

Өздеріңіз білетіндей, мен кәсіпкерлік саласында да, орталық және жергілікті атқарушы органдарда қызмет атқардым. Білімім мен өмірлік тәжірибем, күш-жігерім жауапкершілігі мол, аманаты зор жұмысты атқаруға жеткілікті деп ойлаймын.

Мен өзін сiздердің көз алдарыңызда экономиканың нақты секторында жұмыс істедім. Сол себепті де, ұсынып отырған бағдарламамды бірінші кезекте осы саладағы қордаланған өзекті проблемаларды шешуге бағыттадым.

Энергетика – индустриялық өсудің негізі

Адамзаттың өмір сүру ортасы, өмірлік ресурстар, әлем елдері экономикасының қозғалысы энергия ресурстарымен аса тығыз байланысты екені белгілі. Энергия көзі біз сәт тоқтап қалса, қаншама жұмыс тұрып қалады, экономиканың тұрақты дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан, өңірдегі электр энергиясының тоқтаусыз жүруі – өте маңызды.

Қызылорда облысы – электр энергиясына тапшылығы бар өңір. Облыста он мың шақырымнан астам электр желісі мен 1800-ге жуық қосалқы трансформаторлық станцияның 68%-ының тозығы жеткен. Электр жүйелерінің тозу деңгейін 30 пайызға төмендету үшін 153 млрд. тенге қаржы қажет.

Қызылорда қаласында салынып жатқан заманауи жылу беру электр орталығы осы мәселені түбегейлі шешеді деп күтілуде. Бұған қоса, аймақтың күн және жел энергиясын өндіруге әлеуеті жоғары. Тозған электр желілерін жаңарту және жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін орталық органдармен және инвесторлармен тығыз жұмыс істеуге қолдау көрсетемін.

Газдандыру

Елді мекендерді газдандыру – экономикалық жағынан үнемі болса, экологиялық жағынан тиімді. Табиғи газбен жабдықтау арқылы тұрғын үйлер мен ғимараттарды жылытуға кететін отбасылық және мемлекеттік бюджеттің шығыны мен атмосфераға зиянды заттардың бөлінуін азайтуға мүмкіндік береді.

Облыс тұрғындарының 70%-ы табиғи газбен қамтылғанмен, газға қосылған елді мекендердің саны шектеулі. Қызылорда қаласы мен аудан орталықтары және 22 ауылдық елді мекен газдандырылған. 2025 жылға қарай тағы 42 елді мекенді газға қосу қажет. Газдандырылған елді мекен санын арттыруға жұмыс істеймін. Бұл ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайын жақсартумен бірге кәсіпкерлікті дамытуға серпін береді.

Транзиттік дәліздер – экономика тынысы

Жол – тіршіліктің күре тамыры. Батыс Еуропа мен Батыс Қытайды жалғайтын халықаралық транзиттік көлік дәлізі тек Қазақстанның ғана емес, әлемдік экономиканың ірі көзі саналады. Барлық жеті ауданды мен облыс орталығы теймәтжол мен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында орналасуы аймақ халқы үшін өте тиімді.

Дегенмен, халықаралық транзиттік дәліздің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі бөлі-

гінге әлеуеті төмен. Сондықтан, осы учаскедегі жолды екі жолақты санаған төрт жолақты санатқа ауыстыруға күш саламын.

Сондай-ақ, «Қызылорда – Жезқазған» трассасы солтүстік өңірлерге жол ашып, өңірді логистикалық орталыққа айналдырады және сауда айналымын ұлғайтады. Бұл өз кезегінде жол бойы қызмет көрсету орындарын, үлкен қоймалар салуды, ішкі жолдарды жөндеуді талап етеді. Өйткені, бүгінгі күні жергілікті маңызы бар жолдардың 18%-ы, республикалық маңызы бар жолдардың 26%-ның жағдайы қанағаттанарлықсыз. «Қызылорда – Жезқазған» автотрассасы мен ішкі жолдарды жөндеуге жеткілікті дәрежеде қаражат бөліруге және жөндеу жұмыстарының нақты жүруіне ықпал ететін.

Қолжетімді және жайлы баспана

Қызылорда облысы – демографиялық өсімі жоғары өңірлердің бірі. Бұл өз кезегінде баспана мәселесін күрделендіреді. Тұрғын үй құрылысының жоғары қарқынына қарамастан баспана мәселесі әлі де өзекті күйде. Өңірде 36 мың адам пәтер, 147 мың адам жер кезегінде тұр. Әлеуметтік осал топқа жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үй санын көбейту, жеке тұрғын үй салу үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымына қажетті қаржы бөліруге бағытталу осы саладағы тәжірибем мен біліктілігімді жұмсаймын.

Бүгінгі күні қолжетімді баспананың сапалы әрі қауіпсіз болуы – аса маңызды. Себебі, Түркия мен Сирия елдеріндегі жойқын жер сілкінісі кезінде көп қабатты тұрғын үйлер бір сәтте күйреп, сан мыңдаған адам құрбан болды. Бұл – бізге де үлкен сабақ. Тұрғын үйлер мен ғимараттардың құрылысын жүргізетін компаниялардың жұмысын қатаң бақылауға алып, салынған құрылыс жұмыстарын тексеруден өткізуді тұрақты жолға қоюға жұмыс істейтін боламын.

Әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру

Алдағы 3 жылда ауылдық жерлерде 27 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт, Қызылорда қаласында 100 адамдық емханасы бар 300 тосектік көпбейінді аурухана, перинаталдық аурухана, Қан орталығы, «Жайлы мектеп жобасы» аясында 21 жаңа мектеп, 64 балабақша және басқа да әлеуметтік нысандар салу жоспарлануда. Бұл құрылыстардың барлық құжаттары дайын. Енді орталық органдармен тығыз жұмыс істеп, қажетті қаржы бөліруге қажет.

Бұл нысандарды іске қосу қызмет



көрсету сапасын арттырып, әлеуметтік жағдайды жақсартары сөзсіз. Осы мәселе бойынша тиісті жұмыстардың үздіксіз әрі сапалы жүруіне ықпал етемін.

Шағын және орта бизнес – экономиканың бел омыртқасы

Бизнестің басты мәселесі – қаржы, тауар өткізу және өкімшілік кедергілер. Мемлекеттік бағдарламалар аясында бизнес үшін жеңілдетілген несиелер берудің қолжетімділігін арттыруға, мемлекеттік сатып алуға жергілікті тауар өндірушілерді қамту үлесін ұлғайтуға, кәсіпкерлік қызметті реттеу саласындағы заңнаманы жетілдіруге атсалысамын.

Ауыл шаруашылығы – экономиканың жаңа қозғаушы күші

Облыс тұрғындарының 53%-ы ауылдық жерде, 47%-ы қалада тұрады. Алайда, ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнімдік үлесі – небәрі 3-4%. Ауылда қолайлы орта, тиісті жұмыс орны аз. Сондықтан, агроөнеркәсіпті дамыту – уақыт күттірмейтін мәселе. Бұл ретте инфрақұрылымдарды жаңарту, жұмыс орындарын ашып, тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау қажет. Жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту, оларға субсидия, жеңілдетілген несиелер, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер сияқты мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндік беру керек.

Сондай-ақ, су үнемдейтін тиімді технологияны енгізіп, 1228 км суару каналдарын қайта жөндеу, Тайпақкөл-Кандыарал көлдер жүйесіндегі су қоймасы (200 млн. м³), Күмекеткен (600 млн. м³) және Қараөзек (775 млн. м³) тәрізді су қоймаларын салу сияқты бірқатар өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал жасаймын.

Қадірлі жерлестер!

Сайлауалды бағдарламамдағы міндеттерді іске асыруға барлық білімімді, тәжірибемді, күш-жігерімді толық жұмсауға дайынмын. Бағдарламаны орындау арқылы елге қызмет етіп, Әділетті Қазақстан жолында және Сыр өңірінің кемел келешегі үшін аянбай қызмет ететін.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық оң жетістіктерді әрбір азамат өзі сезінуі қажет.

СІЗДЕРДІҢ СЕНІМДЕРІҢІЗ – МАҒАН АМАНАТ!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: МЕРДІГЕРЛЕРГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Өз кезегінде «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов жоба аясында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, білім ордаларының талапқа сай болуын жіті қадағалау керегін жеткізді. Сондай-ақ, оқушылардың қауіпсіздігі мен сапалы білім алуы үшін толықтай бейнебақылау камералары және жоғары жылдамдықтағы интернет желісі орнатылуы қажет екенін айтты.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынатын білім ордалары заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Тағы бір ерекшелігі, мектептердің өз логотипі мен ішкі және сыртқы құрал-жабдықтары бірдей толықтырылады. Сондай-ақ, бұл мектептер қай елді мекендерде салынатын болса да, халыққа ыңғайлы аумақта болуы қажет, яғни, ата-аналар мен оқушылардың мектепке баруы қиындық тудырмауы тиіс. Бұдан бөлек, мектеп орналасқан шағын аудандардағы жолдарда көше жарықтары мен бейнебақылау камералары міндетті

түрде болуы керек. Ол оқушылардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды, – делі басқарма төрағасы.

М.Айманбетов мердігерлерге қатаң талаптар қойлатынын айтты. Құрылыста отандық өндіріс материалдарын пайдалануға басымдық беріледі. Жаңа мектептер 300, 600, 900, 1 200, 1 500, 2 000 немесе 2 500 орындық деп белгіленген жеті түрлі нұсқаның біріне сай салынуы қажет. Олардың әрқайсысында робот-техника кабинеті, бірнеше зертхана, хореография залы, үш қоворкин аяны болуы керек. Әр сыныпқа интерактивті такта және мұғалімге арналған компьютер қойылады.

Ұлттық жобаны жүзеге асыру барысында «Samruk-Kazyna Construction» АҚ іс-шаралардың ашықтығы мен қоғамдық бақылауға ерекше көңіл бөледі.

Құрылысты қадағалау инженерлік қызметтері де ашық конкурстық негізде сатып алынады, бұл қосымша ашықтықты қамтамасыз етеді. Барлық сатып алу «Samruk-Kazyna Construction»-ның сатып алуға арналған онлайн платформасында жүзеге асырылады. Құрылыс кезінде жалпы жағдайды бақылайтын ақпараттық

цифрлы платформа жұмыс істейтін болады. Ақпараттық жүйе алғаш рет осындай ірі ұлттық жобала қолданыламық. Электронды жүйе құрылыстың барлық кезеңін ашық бақылауға мүмкіндік береді.

Жүйені ерекшелігі – тапсырыс беруші, құрылысшылар, әкімдіктердің бірнеше басқармасы, министрліктер, техникалық бақылау сарапшылары және басқалары бірлесіп жұмыс істеп, бірге тапсырма беріп, оны бақылап, мәселе туындаса, сол бойда бюрократиясыз, уақытыны шешіп отырады.

Айтпақшы, мердігер компанияларға қойылатын талап та қатаң. Бұл жобаға кеше ашылып, бүгін майлы жіліктің басын ұстап отыратын бір күндік фирмалар қатыса алмайды. Ережелер жергілікті компанияларға жеңілдіктер ұсынатынын да айта кетейік, яғни, мектеп қай облыста салына, сол өңірдің компанияларына белгілі бір деңгейде жеңілдіктер қарастырылады.

Жыын соңында мердігер мекеме басшыларының ұсынысы-пікірлері тыңдалып, жүргізілетін басты жұмыстар нақтыланды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ №21 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 89-бабына сәйкес 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауында Қызылорда облысының №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат ретінде тіркелді:

округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

1. **Қузабаев Аралбай Молдашович**, 1961 жылы туған, «Жак-Нур» ЖШС директоры. Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 2023 жылғы 24 қаңтарда ұсынылған.

2. **Дүйсенбек Баян Сабырқызы**, 1993 жылы туған, «Ару-Ана» сүт өңдеу кәсіпорнының менгерушісі, Шиелі ауданында тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 2023 жылғы 2 ақпанда ұсынылған.

3. **Шахаров Ағнияз Иманзадаевич**, 1976 жылы туған, «Халықаралық құқық қорғау орталығы», «Халықаралық медиа орталығы» қоғамдық бірлестіктерінің кәсіби медиаторы, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 2023 жылғы 3 ақпанда ұсынылған.

4. **Дауренбеков Нұрбек Сағатович**, 1979 жылы туған, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, «Жас Алаш» газетінің тілшісі, Қызылорда қаласында тұрады «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігімен 2023 жылғы 7 ақпанда ұсынылған.

5. **Каржаубаев Нуркен Мешитбаевич**,

1964 жылы туған, «PEAP» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады. «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігімен 2023 жылғы 7 ақпанда ұсынылған.

6. **Жайымбетов Мархабат Жайымбетович**, 1965 жылы туған, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қызылорда қаласында тұрады. «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігімен 2023 жылғы 8 ақпанда ұсынылған.

7. **Турбаев Мухит Муратбекович**, 1980 жылы туған, «СК және Монтж-строй» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 2023 жылғы 8 ақпанда ұсынылған.

8. **Пазиллов Сабит Бексейтович**, 1975 жылы туған, Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 2023 жылғы 8 ақпанда ұсынылған.

округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 17 ақпандағы шешімімен:

9. **Қыдырбаев Аралбай Жақсылықович**, 1967 жылы туған, «Алматы мәдени турмыс құрылысы» АҚ филиалы КСМК-2 филиалының директоры, Алматы қаласында тұрады. Германиядағы Кеңес әскерінің тобы мен Варшава Келісім шарты әскерінің тобы Ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігімен 2023 жылғы 31 қаңтарда ұсынылған.

округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 18 ақпандағы шешімімен:

10. **Амреев Галым Махмұтбаевич**, 1970 жылы туған, Ақтөбе жұмыссыз, Астана қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну тәртібімен 2023 жылғы 1 ақпанда ұсынылған.

БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РЕТІНДЕ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауда Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелді:

№2 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 14 ақпандағы шешімімен:

Өтеген Нұртұған Сәлірханұлы – 2023 жылғы 7 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1983 жылы туған, қазақ, «Қазалы спорт клубы» КММ-нің директоры, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

№3 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Имандосов Нұрлан Самуратович – 2023 жылғы 3 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы ұсынған, 1977 жылы туған, қазақ, «Р3А-Агро» ЖШС директоры, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Дармағамбет Гани Хайруллаұлы – 2023 жылғы 6 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1975 жылы туған, қазақ, «Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығы» КМКК директоры, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

Мамбетжан Бақытбек Қасқырбекулы – 2023 жылғы 6 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1983 жылы туған, қазақ, №17 Қазалы аудандық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің директоры, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

№4 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы шешімімен:

Утегенов Алматы Қожахметович – 2023 жылғы 8 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1986 жылы туған, қазақ, Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы Байқоныр қалалық филиалының директоры, Қызылорда облысы, Байқоныр қаласында тұрады.

№4 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 17 ақпандағы шешімімен:

Калиев Ерлан Піртазаұлы – 2023 жылғы 2 ақпанда «АУЫЛ» Халықаралық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған, 1962 жылы туған, қазақ, Байқоныр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы, Қызылорда облысы, Байқоныр қаласында тұрады, «АУЫЛ» Халықаралық-демократиялық патриоттық партиясының мүшесі.

Бердеев Габит Амигбекович – 2023 жылғы 8 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1984 жылы туған, қазақ, «АйБ» жарнама орталығының басшысы, Қызылорда облысы, Байқоныр қаласында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№5 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Зерханұлы Ерлос – 2023 жылғы 8 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1987 жылы туған, қазақ, Жосалы облағы қарсы бөлімшесінің зертхана менгерушісі, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№6 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Шаймағанбетов Амирбек Бердикович – 2023 жылғы 4 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы ұсынған, 1963 жылы туған, қазақ, «Қызылорда автобус паркы» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Райымбек Әнуарбек Кеңесбайұлы – 2023 жылғы 7 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1983 жылы

туған, қазақ, «КЭТТК» АҚ Жалағаш аудандық электр торабының басшысы, Қазалы ауданында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Калинов Бауыржан Тобаевич – 2023 жылғы 8 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1989 жылы туған, қазақ, Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Жалағаш ауданында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№7 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Күшербаев Нұрхан Серикович – 2023 жылғы 4 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1976 жылы туған, қазақ, Сырдария аудандық мәдениет үйінің директоры, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Рахымжанов Әлібек – 2023 жылғы 8 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1976 жылы туған, қазақ, Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің директоры, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кентінде тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

№9 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Мүсілім Жамур Әбілхайырұлы – 2023 жылғы 6 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1957 жылы туған, қазақ, зейнеткер, Жаңақорған ауданында тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

Сарсенов Ербол Қалқазович – 2023 жылғы 7 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1962 жылы туған, қазақ, «Қызылқұм» ЖШС құрылысты қалағалау инженері, Жаңақорған ауданында тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

№10 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Амитов Нурдин Егенбердиевич – 2023 жылғы 3 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы ұсынған, 1968 жылы туған, қазақ, Қызылорда облыстық көп бейінді облыстық аурухананың директоры, Қызылорда қаласында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Тұрсынханов Ерлан Сұлтанбекович – 2023 жылғы 6 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1982 жылы туған, қазақ, «Дархан Е» шаруа қожалығының төрағасы, Жаңақорған кентінде тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

№11 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Ильясов Бекболат Икрамович – 2023 жылғы 8 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1965 жылы туған, қазақ, жеке кәсіпкер, Жаңақорған кентінде тұрады, партия мүшелігінде жоқ.

№12 округтің сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен:

Серімбетов Ардақ Асанханұлы – 2023 жылғы 3 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы ұсынған, 1975 жылы туған, қазақ, №5 Облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің директоры, Қызылорда қаласында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

Айтұганов Қожабек Ерболатұлы – 2023 жылғы 7 ақпанда өз

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМ

20 жылғы № Қызылорда қаласы

Кызылорда облысы бойынша жерлеудің және қабірлерді күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Занының 6-бабының 2-8 тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТИ: 1. Қызылорда облысы бойынша жерлеудің және қабірлерді күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың қағида-сы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітіледі. 2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

ЖОБА

Қызылорда облысында жерлеудің және қабірлерді күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жерлеудің және қабірлерді күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Занының 6-бабы 2-8 тармағына сәйкес әзірленді және жерлеу мен зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың тәртібін айқындайды. Зират қорымдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы №КР ДСМ-81 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24066 болып тіркелген) бекітілген «Зираттар мен жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларымен айқындайды.

2. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: 1) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган; 2) жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылысы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыптарға және салт-дәстүрлерге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін, мүрделесін) жерге (қабірге, табытка) жерлеу немесе сүйегі (күлі) бар урнаны қабірге, сағанаға жерлеу арқылы отқа жағу (кремациялау) бойынша әдет-ғұрып әрекеттері; 3) зират (қабір) – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін (мүрделерін) жерлеу орны; 4) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың қалдықтарын жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ; 5) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстау және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-әкімшілік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

3. Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын (бұдан әрі – Аумақтық қағидалар) осы Үлгілік қағидаларға сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі әзірлейді. 4. Аумақтық қағидаларды әзірлеу кезінде елді мекендер аумағының, олардың құрылысының ерекшеліктері, сондай-ақ зираттарды күтіп-ұстау ісін ұйымдастыру, тарихи-мәдени мұра, діни мақсаттағы объектілер және табиғи ландшафты сақтау қажеттігі ескеріледі. 5. Аумақтық қағидалардың құрылымы: 1) жерлеу үшін орын бөлу тәртібін; 2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу тәртібін; 3) зираттарды жобалау және салу тәртібін; 4) жерлеу орындарын абаттандыруды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстау тәртібін; 5) зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу тәртібін; 6) зират қорымдарын күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасау және оның талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін қамтиды.

6. Қызылорда қаласының, аудандардың әкімдіктері және аудандық маңызы бар қалалардың, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерленді мекеннің қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғындықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер учаскесін тегін бөледі. Зират қорымының аумағы қабірлерге арналған қатарларға бөлінетін және автомобиль көлігіне арналған өтпе жолдармен және зират учаскелеріне өтетін жолдармен жайластырылатын учаскелерден тұрады. Қызылорда облысының қала және аудан әкімдіктері зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді ұйымдастырады, сондай-ақ жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады. Қызылорда қаласының, аудандардың әкімдіктері және аудандық маңызы бар қалалардың, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары зиратқа арналған жер учаскелерін есепке алу журналдарының негізінде есепке алуды және тіркеуді жүргізеді. Қызылорда облысының қала және аудан әкімдіктері ресми интернет-ресурсында зират қорымының бос емес жер бос учаскелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

7. Жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 045/у нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлікті не «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарламаны ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

8. Жерлеу зират қорымы әкімшілігі жүргізетін есепке алу журналында тіркеледі. 9. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер қамтылады: жерлеу жылы, айы, күні; зираттың (қабірдің) нөмірі; қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда); туған және қайтыс болған күні; өлімнің себебі; «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның нөмірі, күні және кімнің бергені; марқұмның жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), жеке банис куәландыратын құжаттағы берілген жәйлері және қайтыс болған күні; зираттың (қабірдің) нөмірі; «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның нөмірі, күні және кімнің бергені; марқұмның жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), жеке банис куәландыратын құжаттағы берілген жәйлері және қайтыс болған күні; зираттың (қабірдің) нөмірі; мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы. 10. Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жазбаша өтініші бойынша жергілікті атқарушы органға, қаладағы аудан әкімінің аппаратына қайтыс болған адаммен жақын туыстығын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін бұрын қайтыс болған жақын туысының жанында жерлеу көрсетілген жерлеу орнында бос жер учаскесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.

11. Сот-медициналық зерттеуден кейін мейітханада жүрген қайтыс болған адамдардың табылған мейіттерін немесе олардың сүйектерін, суға кеткендерді, үйден тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу жерлеріне ресімнің ұйымдастыруды өзіне алуы мүмкін болуына немесе адамдар мен мекемелер тұрмаған кезде қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі. 12. Туыссыз адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. 13. Мына жағдайлардан басқа жағдайда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге жол берілмейді: зират қорымы немесе оның учаскесін мерзімін бұрын жою; сүйектерді (мүрделерді) Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекеменшік зираттардан тасымалдау кезіндегі жағдайларды қоспағанда, сүйектерді (мүрделерді) жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.

14. Қабірлерді жобалау және салу; қабірлердің учаскелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды; қабірдің тереңдігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған бейне жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады; аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің тереңдігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатпен хлорлы әк салынады; әрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үйімесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс. 15. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстау. Жерлеуге бөлінген учаскенің шекарасында: табиғи тастан немесе бетоннан жасалған қабір үсті ескерткіштер мен құрылыстар, гүлзарлар мен орындар қорғауға; қабір басында гүл, кейіннен қырылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отырғызуға жол беріледі. Зираттарды одан әрі күтіп-ұстауды жақын туысы тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді. Ескерткіштер мен құрылыстарды орналастыруға, үстелдерді, орындарды және құрылыстарды жерлеу учаскесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, сопақтар, гүлбақтар, көгалдар, көздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыстар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар күтіп ұстайды. 16. Қызылорда облысының қала және аудан әкімдіктері мен зират қорымының әкімшілігі арасында зират қорымдарын күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасау мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өткізілетін конкурстың қорытындысы бойынша уақытылы жүзеге асырылады. 17. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды: 1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібін туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стендтерде ақпарат орналастыру отырып, толық ақпарат беруді; 2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды ұжымдастыру бағамындағы қызметтерді беруді; 3) жерлеу үшін әрбір жер учаскесін бөліп беруді белгіленген нормасымен және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды; 4) ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстауды; 5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да учаскелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл өкпелерді күтіп-ұстауды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақытылы шығаруды қоса алғанда, зираттарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды; 6) азаматтарға жерлеу орнын күтіп-бағу үшін мүқомалды жағға беруді; 7) жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тек қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

ҰСТАЗ

Уақыт өткен сайын көз алдындағы кешегі күндер естелікке айнала береді екен. Бар саналы ғұмырын оқу-ағарту саласында өткерген ұлағатты ұстаз, қызметте адами болмысымен биік, ал көп ішінде қарапайымдылығымен қадірлі ардагер ағалардың бірі Жақсылық Жылқышиев еді.



Ғазиза ӘБИЛДА, «Сыр бойы»

ІЗІНЕ ІЗГІЛІК ТҮНҒАН

Сонау 1931 жылы, ел басына күн туған қиын кезеңде дүниеге келген Жақсылық ағамыздың одан кейінгі өмірі де оңай бола қойған жоқ. Ел ішін аштық алапаты жайлап бастағанда Жылқышиев әулеті тірі қалудың амалымен азын-аулақ малын алдына салып, Төшкен асты. Жақсылықтың балалық шағы сонда өтті. Сол жақта жүргенде анасы Зағипа дүниеден озды. Алайда шыр өтіп, өмірге келгеннен бастап мейірім шұағына бөлек, алпештеп отырған ата-әжесі барда баланың көңілі бұл жағдайды аса аңдамай да қалды.

Өмір өз арнасымен өтіп жатты. Жасы жеткенде мектеп табыл-дырығын атап, кітап бетін ашып, қолына қалам ұстады. Ата-әженің бауырында өскен зейінді бала аз уақыттың ішінде ұстаздарының ықыласына бөленіп, білімге деген құштарлығын байқатты. Өзбек ағайындардың ортасында өскен бала қатарластарына карап, бау-бақшада еңбек етуге бейімделді. Осылайша отбасының жағдайы жақсарып, күнкөрісі қалыпта түсті. Алайда бұл бастауыш класты бітірген тұста ата-әжесі елге қайтуды құп көріп, көп ұзамай көшуге бет байланды.

Елге келген соң Иркөл елді мекеніне қоныстанып, мектептегі оқуын одан әрі жалғастырды. Жастайынан білімге құштар Жақсылық Жылқышиев 1949 жылы С.Киров атындағы Қазак мемлекеттік университетінің математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1954 жылы бітірді.

Еңбек жолын Алматы облысындағы С.Вансетти атындағы мектепте ұстаздық етуден бастаған жас мұғалім туған жерге келіп, өз мамандығы бойынша Мақпалкөл, М.Шәменов ауылындағы орта мектептерде, кент орталығындағы №31 орта мектепте ұстаздық қызмет етті. Сонымен қатар, №201 орта мектеп директорының орынбасары, №33 орта мектептің директоры, аудандық білім бөлімінің әдістеме кабинетінің мұнғершісі қызметтерін абыйроймен атқарды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлағатты ұстаз қай қызметте жүрсе де, адами келбетімен, ақыл-парасатымен абыйройға бөленді.

Ғылымдардың «атасы» саналатын математика пәні бойынша ұстаздың атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Ол үшін лайықты бағасын да алды. «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», Облыстық партия комитетінің, облыстық Халық ағарту ісі бөлімінің Құрмет грамоталарымен, «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді. Бұл атақ-дәрежелер өз алдына, ең бастысы оған деген халықтың қалтқысыз құрметі еді. Айталық, туған жердің тұғырын калыптастырудағы елеулі еңбегі ескеріліп, аудандық мәслихат шешімімен «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атанды. Ал 2014 жылы ардақты ұстаздың ғибратты өмір жолын арқау еткен «Өнегесімен өркен жайған» атты кітап жарыққа шықты. Кітап авторы – жазушы Б.Ұзақбаев.

Кітапты оқи отырып, кейіпкердің өмірі мен өнегесі жайында жазылған көптеген естелікке ұшырастық. Құдай қосқан жары Халипа апайдан бастап, аудан, аймақ көлеміндегі белгілі азаматтардың жазбалары оқыған адамды бей-жай қалдырмайды. Сонымен бірге, ұлағатты ұстаз Ж.Жылқышиевтің әр жылдары басылым беттерінде жарияланған мақалалары да кітаптан орын алыпты. Биыл ұстаздың өмірден өткеніне он жыл толды. Бүгінде жауапты мемлекеттік қызметте жүрген Жазира Жақсылыққызы өз естелігінде:

— Қандай қиыншылық болса да күресе білуді әкемнен үйрендім. Жатпай-тұрмай, үнемі ізденіспен еңбек етіп, тек өзіннің білімім мен ақылыма ғана сендім. Адамды тусініп, үнемі жанашырлықпен қарадым. Қолымнан келгенше қамқорлық жасап, алғысын алғым келіп тұрады. Осылайша кіші-піейділікке, адамгершілікке үйрендім. Бұл әкемнің бойыма сіңірген ерекше тәлімінің арқасы еді оғлаймын. Сол үшін сүйікті әкеме өмір бойы қарыздармын, — деп жазыпты.

Иә, мамандығы бойынша ол кісі математика пәнінің оқытушысы, жай оқытушы емес, ең мықты мұғалім еді. Болмысы таза, сондықтан кейде «тура сөйлеп, тұғанына жақпайтын» кездері де болатын. Дегенмен ол әрдайым әділдікке жүгінетін. Сондықтан болар, көп жылғы еңбек жолында басылымдық қызметке немесе атак-мансапқа қызмады. Есесіне осындай ұстаздан білім алған шәкірттерінің басым көпшілігі жоғары лауазымдарды иеленіп, беделді, абыйройлы қызметтермен елге танылды. Өмірінің жарты ғасырын бірге өткерген жұбайы Халипа Керимова апайымыз да бұл ғұмырын ұстаздыққа арнаған жан. Жалағаш ауданындағы №123 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болды. Жылы шырайлы, ізеті мен инабаты бөлек Халипа апайдың тұр-тұлғасы адами асыл қасиеттің үлгісіндей көрінетін. Өмір жолында, еңбек жолында қатар жүрген қос ұстаз 8 бала өсіріп, тәрбиелеп, немере-шөберенің қызғын көрді.

Біз білетін Жақсылық ағай зейнетке шыққаннан кейін де аудан оқушыларын математикаға баулып, олимпиадаға дайындау ісіне көп еңбегін сіңірді. Өйткені орта мектеп директорының орынбасары, №33 орта мектептің директоры, аудандық білім бөлімінің әдістеме кабинетінің мұнғершісі қызметтерін абыйроймен атқарды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлағатты ұстаз қай қызметте жүрсе де, адами келбетімен, ақыл-парасатымен абыйройға бөленді.

Ғылымдардың «атасы» саналатын математика пәні бойынша ұстаздың атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Ол үшін лайықты бағасын да алды. «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», Облыстық партия комитетінің, облыстық Халық ағарту ісі бөлімінің Құрмет грамоталарымен, «Еңбек ардагері» медалімен және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді. Бұл атақ-дәрежелер өз алдына, ең бастысы оған деген халықтың қалтқысыз құрметі еді. Айталық, туған жердің тұғырын калыптастырудағы елеулі еңбегі ескеріліп, аудандық мәслихат шешімімен «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атанды. Ал 2014 жылы ардақты ұстаздың ғибратты өмір жолын арқау еткен «Өнегесімен өркен жайған» атты кітап жарыққа шықты. Кітап авторы – жазушы Б.Ұзақбаев.

Кітапты оқи отырып, кейіпкердің өмірі мен өнегесі жайында жазылған көптеген естелікке ұшырастық. Құдай қосқан жары Халипа апайдан бастап, аудан, аймақ көлеміндегі белгілі азаматтардың жазбалары оқыған адамды бей-жай қалдырмайды. Сонымен бірге, ұлағатты ұстаз Ж.Жылқышиевтің әр жылдары басылым беттерінде жарияланған мақалалары да кітаптан орын алыпты. Биыл ұстаздың өмірден өткеніне он жыл толды. Бүгінде жауапты мемлекеттік қызметте жүрген Жазира Жақсылыққызы өз естелігінде:

— Қандай қиыншылық болса да күресе білуді әкемнен үйрендім. Жатпай-тұрмай, үнемі ізденіспен еңбек етіп, тек өзіннің білімім мен ақылыма ғана сендім. Адамды тусініп, үнемі жанашырлықпен қарадым. Қолымнан келгенше қамқорлық жасап, алғысын алғым келіп тұрады. Осылайша кіші-піейділікке, адамгершілікке үйрендім. Бұл әкемнің бойыма сіңірген ерекше тәлімінің арқасы еді оғлаймын. Сол үшін сүйікті әкеме өмір бойы қарыздармын, — деп жазыпты.

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМ

20 жылғы № Қызылорда қаласы

«Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы №365 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 15 сәуірдегі №96 шешімін жою туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Занының 27-бабына сәйкес, Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТИ:

1. «Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы №365 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 15 сәуірдегі №96 шешімі жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ШЕШІМ

20 жылғы № Қызылорда қаласы

«Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы №365 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Занының 27-бабына сәйкес, Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТИ:

1. «Қызылорда облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қазандағы №365 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6938 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

Жоба

«Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Занының 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТИ:

1. «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5402 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілген: көрсетілген шешімнің қосымшасында:

Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 28,29,30,31-жолдармен толықтырылсын:

- 28) Әйтеке би кенті-Қ.Пірімов-Басықара ауылы
29) Әйтеке би кенті-Шәкен-Шілі ауылы
30) Казакей-Ажар ауылы
31) Әйтеке би кенті-Жанқожа батыр ауылы

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarmama@mail.ru



Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсынушы үміткер Қозбақов Аралбай Молдашұлының сайлауалды бағдарламасы

Өмірдерек

Қозбақов Аралбай Молдашұлы 1961 жылы 1 қантарда Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақесте ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ, білімі жоғары.

1980 жылы Қызылорда қаласында медициналық училищені, 2001 жылы Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетін бітірген. АҚШ Гордон университетін «top-менеджер» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын Қызылорда жедел-жәрдем станциясында бастаған. 1990-1992 жылдары «Нәтиже» өндірістік кооперативінде экспедитор, 1992-1993 жылдары «Қуат» АҚ бас директорының орынбасары.

1993-2001 жылдары «Яксарт» ЖШС Президенті.

2001-2004 жылдары «Жана Ғасыр» ауыл шаруашылығы серіктестігінде директор болып қызмет атқарған.

2004-2007 жылдары «Арал балық өнімдері» ЖШС директоры.

2004 жылдан бастап бүгінге дейін «Жақ-Нұр» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы.

1998 жылы «Қызылорда өндірісшілер мен кәсіпкерлер кеңесінің Қызылорда облысы бойынша жетекшісі.

1996-2011 жылдары №1 Арал сайлау уәкесі бойынша Қызылорда облыстық мәслихатының екі мәрте, №19 сайлау уәкесі бойынша Қызылорда қаласынан бір мәрте облыстық мәслихатқа депутат болып сайланған.

1998 жылы «Бөбек» қайырымдылық қоры республикалық акциясының қатысушысы, 2001 жылы «Жылдың үздік меценаты» атанған. 2003 жылы «Қызылорда облысы, Арал ауданының үздік демалушы» номинациясының иегері болды. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медаль, сондай-ақ «Ерен еңбегі үшін», Қазақстан Республикасының Адал кәсіпкерлігі үшін ІІІ дәрежелі және «Қазақстан Мәслихаттарына 20 жыл» металмен марапатталған.

Отбасылы. Екі бала тәрбиелеп отыр.



Құрметті жерлерестер!

Осы жолғы сайлау – Жаңа Қазақстанның сайлауы. Өз басым үш рет ашық та бәсекелі сайлауға түсіп, облыстық мәслихаттың депутаты ретінде халықтың ойын билік назарына жеткізуге бар құшымды салдым. Әкімдер, соның ішінде маған қарсы болғандары, ауысып жатты. Бірақ, менің өз округімдегі сайлаушылардың аманаты өзгерген жоқ. Олар – қарапайым халық мүддесі, Әділеттік пен Шындық.

Енді міне, президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан құру туралы бастама көтерді. Өз басым бұл идеяны қолдаймын. Өйткені оның бастауында Қазақстан халқының отыз жыл бойына аңсап келе жатқан армандары мен әкениеті жатыр.

Жаңа Қазақстан бастамасының бір ұстанымы – билік жүргізгенде халықтың ойын мен пікірін ескеру деп санаймын. Сондықтан да мен, өзімнің кәсіпкерлік және мемлекеттік қызметкерлік тәжірибемді ескеріп, Қазақстан Парламенті Мәжілісіне сайлауға түсеуе бел будым.

Менің депутаттық миссиям екі бөліктен тұрмақ. Біріншісі – елдігі жолы ескі Қазақстан тәжірибесі қайталанбау үшін, елде авторитаризм мен жеке басқа табынушылық орнамау үшін заңдарды өзгерту. Елде шынайы түрдегі халық билігін орнату. Өз басым сол үшін бар құшымды саламын!

Екіншісі – республикалық деңгейде Қызылорда облысының мұн-мұқтажын жеткізу. Шымыл жатқан шаруа шаштестері, соның бәрін мемлекеттік дәрежеде қолға алу керек. Ол – менің осы елдің үш ретіндегі азаматтық парызым! Өкінішке орай, соның кезінде біздің елдің өкілі болған депутаттар партиялық тізіммен сайланып, сол қалайтын шыға алмай, айтарын айта алмай келді. Бүгінде жағдай өзгерді, енді Қызылорда облысынан сайланған депутат ешбір партияның қабағына қарамайды. Халықтың аманатын әкімдер мен министрлердің немесе бір партияның ересіне қармай, тура Президентке жеткізе алады. Ол үшін Мәжіліс мүшесі керек. Сол мүшесі ыңырыс Республиканы мен Қызылорданың мұн-мұқтажын жеткізуге маған, Аралбай Қозбақовқа сенім артуларыңызды сұраймын!

Менің мақсатым – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жаңа Қазақстан туралы бастамасын қолдай отырып, өңірмізде Жаңа Қызылорда орнату. Жаңа Қазақстан, Жаңа Қызылорда облысы жасасын!

Қызылорда облысында ауылшаруашылығын ең қунарлы күріш, бидай, бақша, көкөніс егетін жерлері Жанакорған, Шіелі, Сырлария, Жалаған ауылдары жақсы климатпен қолайлы болып есептеледі. Маған осы аудандардың ауылшаруашылық мекеңдері жақсы таныс. Мен 2001 жылдары осы шаруашылықтарды біріктіріп, 43 ауылды «Жаңа Ғасыр» ауылшаруашылық ұжымын құрып, 1 млрд. қаржы салып, күріш егуге жанармай, тынайтын желіліп, дағдарыс кезінде көмек берген азаматпын. Халық естіді, қорд, алғысын білдірді. Ұмытпаған шығар. Міне, енді 22 жылдан кейін осы өзім қиян заманда менің елдің шаруашылықтары тағы да көмек беруге, ауылда жана жұмыс орындарын ашуға, мемлекет қаржыларыман шет ел инвесторларын тікелей ауылдарды қаржыландыруға қол жеткізуге уәде беріп, 19 наурызда болатын сайлауда маған дауыс беруге өтініші жасағалы отырмын.

Менің келешек үлкен жобам, бұл Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарында бастауын сынып оқушыларын 75000 жасөспірім балаларды бір мезгіл тегін тамақ беру. Осы жобаға Қызылорда ауылшаруашылық мекемелері барлығы жана жұмыспен қамтамасыз етіледі. 75000 баланы күндізгі тамағына керек азық-түлікті осы біздің облысымыздың барлық ауылшаруашылық мекемелері араласуы керек. Егіс егуге және жинауға, сапаты алуға қаражат алдын ала беріледі. Көптеген аудан орталығында жана оңдау зауыттары ашылады. Нарықта қымбатшылық тоқтайды.

Құрметті Қызылорда облысының халқы, біз кәзір өте маңызды болашаққа зор үмітпен, Еліміздің болашағын, біріктіріп бір халық болып, үлкен сынақ алдында тұрмыз. Ол – Жаңа Қазақстанға Жұмыссыздық пен Кедейлікті жойып, экономикасы жетілген елдер қатарына өту. Бір гүл – ол әлі көктем емес, мың гүл сонда ғана көктем шығуына шападай! Бірігіп бір болып, көктем шығарайық, ағайын!

Мен 32 жыл бойы халыққа еңбек жасап келем, жана жұмыс орындарын ашып мыңдаған адамдарға көмек беріп, өз қаражатыммен жұмыс беріп келе жатқан Азаматпын. Мен Анамды Құдайдай сайлап, қолыма 90 жасқа дейін көтеріп, Меккеге апарған азаматпын. Енді міне пайғамбар жасында, сіздерге

қол жайып, бата сұрап келіп отырмын, Халықым!

Байқоңыр, Төртатам, Ақай елді мекенінің бүгінгі күнқоріс жағдайын мен жақсы білемін. Күн сайын ұшып жатқан зымираңдылар дүресілі, оның зардабы әлі күнге дейін мемлекет тарапынан қолайлы шешім таппай отыр. Ол Жұмыссыздық және Кедейлік, қатерлі аурулар. Ресей мемлекетінің Байқоңыр аренадасының қаржысы талай жылдар бойы мемлекет орталығына кетуде. Сол қаржыны егер мен Мәжіліс депутатына сайлансам, арена қаржысын Байқоңыр, Төртатам, Ақай елді мекендеріне қалдыруға сұраймын және дәлелдеп жеткіземін. 155 миллион долларға жылда шағын 10 зауыт ашып, елді жұмыспен қамтамасыз етуге болады. Қармақшы киелі жер. Қорқыт ағамыз жатқан, халқына бата берген жер. Тарихи өміріне көз салсақ, ауданның ауыл шаруашылығы әсіресе қант қызылшасын, картоп, бақша, жақсы өнім алатын қунарлы жерлері мол аудан. Қаражаттың тапшылығынан елдің енесі көтерілім тұрғанын сеземін. Инвесторлардың көзқарасы Қармақшы ауданындағы жерлерге қызығушылық бар. Менің жобам бойынша ол – балалар тамақтандыру комбинатының жобасына қолайлы аудан. Қармақшы мұнай терминалын пайдаланып, сол жерден Мұнай өңдейтін зауыт саламыз деген үлкен жобаны көтеріп жатқан шетел инвесторлары бар жазы. Өте орынды жоба. Мұнайымыз болып мұнай өнімдерін сырттан сатып алып отырмыз. Құмқолден тіке тартылған мұнай тұрбасын пайдаланып, инвесторларға мемлекет зауытқа керек шикізат мұнайына рұқсат берсе, зауытты салуға көп инвесторлардың қызығушылығы бар. Егер халық бір ауыздан қолдаса, депутат мандатын пайдаланып, халықтың Жұмыссыздық пен Кедейлік жою менің ұраным болып қалады.

Арал теңізі және оның экологиясы туралы

Арал теңізі Қазақстанның інжу-маржаны еді. Мен өзім осы Арал теңізінің жағалауында, көк теңіздің шулаған толқын дауысын естіп, осында дүниеге келген азаматыпын. Қойнауы кәсіптік, бағалы байлықтарға бай, жағасы коға мен қамысты теңіз еді. Бір жылда 50-100 мың тонна балық ауланатын. Балықшы батыр ағаларымыз көп жылдары осы теңіздің байлығын мол мөлшерде аулап, батыр атанғанын көріп өстім. Теңіз өңірінде 17 балық қолхозы, 10 балық өңдейтін зауыт, 2 балық комбинаты болатын. Қазір осы балықшылар қолхоздары, елді мекендер теңіздің Кіші Арал жағалауында балық аулап, кәсіпкерлік жұмыс жасауда. Күнқоріс көзі осы балық аулау. Бірақ, бір өкінішті жағдай, осы балықшылардың заңды түрде балық аулау құқығы заң түрінде тіркелмеген, сол себепті жергілікті балықшылар мемлекеттің осы балық шаруашылығы мекемелеріне бөлінетін көмек қаржыларын ала алмай отыр. Мен осы сайлауда халық сенім артып, депутат мандатын берсе, осы проблемаларды жойып, Арал балықшыларын тарихи балықшылар ауылдарының бірлескен Кооператив ұжымына айналдырып, заңды бірлескен ұжым құрып, мемлекет қаржысын ұзақ мерзімге алып, балықшылардың балық аулауына қажетті ау-қайық құралдарын алуға көмек көрсетуге дайын екенімді айтамын. Менің көптен бергі арманым – осы ата-баба жолын жоғалтпай, елге Арал теңізінің заңсыз төндермен қолды болып кеткен теңіз балық уылақтарын Заң жүйесінде қайта қарап, тарихи балықшы ауылдарына қайтару. Сонда ғана біз елдің экономикалық құлдырауын тоқтатып, жұмыссыздық пен кедейліктің жолын жоя аламыз.

Қызылорда облысындағы ең күрделі жағдайдың бірі – жұмыссыздық. Орта және шағын бизнесті дамыта отырып, Қазақстан банктөріндегі несие пайызын азайту арқылы ұзақ мерзімді қаржыландыру көзімен жана жұмыс орындарын көптеп ашуға күш саламын.

1. Қызылорда – аграрлы аймақ. Ауыл – асыраушы сала. Өңірдегі елді мекендерде мал, егін және балық шаруашылығын дамыту мақсатында бірлікпен кооперация алуына мемлекет тарапынан қолдау;

2. Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлердің көкініс пен мал азықтық дақылдарды өндіру және өңдеу үшін жана зауыттар салуға инвестиция тарту;

3. Өр аудан мен облыс орталығынан ет және сүт өнімдерін дайындайтын комбинаттар құру арқылы жергілікті төрт түлігімізді дамытуға күш салу;

4. Бүгінде ұшығып тұрған жер дауына қатысты, халық пен инвестор тарапындағы заңсыздықтарды шешуге, пай меншігіннің біржакты инвесторлар пай-

дасына кетпеуіне, ен алдымен, ауыл тұрғындарының мүддесін ескеруге, жер меншігін кооперативтерге басқартуға;

5. Шаруаларға қажетті ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту үшін мемлекет тарапынан жеңілдік және облыс пен аудан орталықтарынан ауыл шаруашылығы машиналарының станциясын құруға, орталықтандыруға жұмыс істеймін.

6. Кәсіпкерлердің шығарып отырған өнімдерін экспортқа шығаруға мемлекет тарапынан қолдау және қаржыландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлемін.

7. Әлеуметтік сала бойынша, Арал апаты мен Байқоңыр зардабын тартқан халықтың, оның ішінде зейнеткерлер мен дәрігерлер, сондай-ақ мұғалімдер мен мәдени сала қызметкерлерінің жалақысының көбеюіне;

8. Зейнеткерлердің ең төменгі зейнетақысы 250 000 тенге, дәрігерлердің жалақысы 500 000, мұғалімдердің айлық табысы 500 000, орта буын дәрігерлер мен мұғалімдердің ең төменгі жалақысы 300 000 болуына;

9. Республика пен Қызылорда облысы төнірегіндегі мұнай және газ мекемелерінің жұмысшыларынан орташа еңбек жалақысы 650 мың мен бір миллион тенгеге дейін көтеруге;

10. Теміржол мен көлік қызметкерлерінің айлық жалақыларының 400 мың тенгеден жоғары болуына жұмыс істеймін.

11. Еліміздегі 1-5 сынып аралығындағы мектеп оқушыларын тегін тамақпен (әр балаға бір күнге 1200 тенге көлемінде) қамтуымыз керек. Сондай-ақ оларды тамақтандыру барысында мектеп азық-түлігін дайындайтын жергілікті жерден комбинат ашылғанын дұрыс. Ал комбинат өңірдегі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсіпкерлерді қаржыландырып, олардың үздіксіз жұмыс істеп тұруынан бірден-бір себепші болары анық.

12. Сот жүйесінің жеке адамды, сондай-ақ әйелдер мен балалар құқығын қорғауына ат салысамын.

13. Ауыл жастарына жағдай жасау, жұмысқа тарта отырып, оларды көбіне-көп ауыл шаруашылығы бағытындағы мамандықтарды игеруіне жол ашамын.

14. Фермерлерді дамыған мемлекеттерге бір жыл көлемінде оқуға немесе тәжірибе алмасуға мемлекет тарапынан қолдау таптыуға күш саламын.

15. Балық шаруашылығын дамытуға, осы саладағы еңбек адамдарын дайындауға арнайы арнаулы орта оқу орнын құрып, «Балықшы» мамандығын игерту керек. Өйткені, өңірдегі ауыл шаруашылығының бір саласы – балықшылық кәсібінің маңызы зор.

16. Су – тіршілік көзі. Аралға су жеткізу, дария деңгейінің төмендеуі күрделі мәселе. Мәжіліс мінберінде су мәселесін жиі көтеріп, өңірдегі каналдар мен көлдер, суармалы шабындықтар мен ондағы су тоспадарын қайта қалпына келтіруге қолға аламын.

17. Қазақстан және Қызылорда облысына қарасты қала және аудан орталықтарынан жеңіл өнеркәсіп бағытындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, отандық шикізатты тарта отырып, брендтік кнім және аяқ киімдер фабрикасын жабдықтауға инвестор тартуға күш саламын.

18. Ел мен елді байланыстыратын жолдарды жөндеу, әсіресе, шағалыдағы ауылдарға газ, ауызу, аяқсу, жарық мәселесіне ең бірінші назар аударамын.

19. Әлеуметтік нысандардың жай-күйі, қажеттілікті болдырмау мақсатында білім, денсаулық, мәдениет және спорттық ғимараттарды жаңартуға үлес қосамын.

20. Жастарды 6 жасан бастап спортқа баулу, оларды олимпиада жарыстарына дайындау, бұқаралық спорт және жастар арасындағы бос уақыттың болмауына ықпал етемін.

Құрметті сырбойлықтар!
Өздеріңіз көргендей, бұл – менің нақты шешімім. Мен мұны бір күнде, бір айда жоспарлап, жүзілемемін. Ат жалын тартып, арман қуып, ес біліп, ел арасында қызмет еткен өмірлік ұстанымым болып келді десем, артық айтпаймын. Бағдарламада көрсетілген әр тармақ бойынша бар күш-жігерімді, білімим мен тәжірибемді сарқа жұмсаймын деп шештім.

Сіздермен бірге Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы және Қызылорда халқының кемел келешегі үшін еңбек етеміз!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Арабай Молдашұлының №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша өзі-өзі ұсынатын кандидаты Д.М.Қозбақовтың Сайлау қорымен қаржыландырылған тапсырыс беруге А.Қозбақов.

Ө.Марғұлан атындағы Археология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Жолдасбек Құрманқұлов жеті асудың бел ортасы 75 жасқа толып отыр. Ғалым зерттеулерінің еліміздегі қола және өрте темір дәуірлерін зерттейтін мамандар үшін орны айрықша. Ол кейінгі жылдары Сыр өңіріндегі антикалық ескерткіштерді зерттеуші ретінде археологтар мен жұртшылыққа танылды.

Құм қойнауының құпиясын ашқан

С.Киров атындағы мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіргеннен соң, еңбек жолын Казак КСР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы ТАЭ институтына бастаған ол ұстазы Әлкей Марғұланнан тәлім алып, ғылым жолына түседі. Қарашанырақта лаборатория, бөлім менгерушісі, директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары болып институттың дамуына атсалысқан белді ғалымдардың бірі.

2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында отандық археологтардың назарынан тыс қалған Сырдарияның төменгі ағысындағы тас, қола, ерте темір дәуірі мен оғыз заманының ескерткіштерін зерттеу жұмыстарын қолға алу үшін Шірік Рабат археологиялық экспедициясы құрылды. Бұл экспедиция Қызылорда облысы аумағындағы екі жүзден аса археологиялық ескерткішті анықтап, кешенді зерттеу жұмыстары бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Соның арқасында Сыр бойы Қазақстандағы тұңғыш қалалар отаны болғаны, ондағы тұрғындардың мәдениеті аса жоғары дәрежеде дамып, Мысыр, Грек, Рим, Парсы, Хорезм өркениеттерімен тығыз байланыс жасағаны дәлелденді. 2007-2011 жылдары халықаралық Қазақстан – Италия экспедициясының ұйымдастырып, Қызылорда облысы аумағындағы бірқатар тарихи және мәдени ескерткіштерге зерттеу жүргізілді.

«Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерін жинауға» атты іргелі еңбектің 2008 жылы орыс тілінде, 2011 жылы қазақ тілінде басылып, жарық көруіне Ж.Құрманқұлов көп еңбек сіңірді. Сыр өңірінің бай тарихи-мәдени ескерткіштерін басып біріктірген бұл еңбектің маңызы өте зор.

2011 жылы Ж.Құрманқұловтың тікелей атсалысып, басшылық жасауымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Археология және этнография зерттеу орталығы» құрылды. Бүгінде бұл орталықта археология ғылымына қатысты жиырмаға жуық маман жұмыс жасауда.

Жолдасбек аға еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау-қорғау,


зерттеуге қатысты шараларға көп көңіл аударды. Ғылым академиясы президенті, жоғары ғылыми техникалық комиссия отырыстары мен қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінде баяндамалар жасайды. Ғалым тарапынан айтылған бірқатар тұжырымдамалар «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану» туралы заңына ұсыныс болып енгізілді.

Археолог ғылыми зерттеулермен қатар маман даярлауға да көп ден қойды. Қарағанды, Жезқазған, Қызылорда және еліміздегі бірқатар университеттерде студенттерге дәріс оқыды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры. Сондай-ақ өзі жетекшілік жасаған Орталық Қазақстан және Шірік Рабат археологиялық экспедициялары аясында жиырмаға жуық жас студент археология мамандығын игеріп, бірнешеуі тарих ғылымдарының кандидаты болды.

Ғалым кейінгі уақытта отандық және шетелдік археолог ғалымдарды көп тұлғандыған археологиялық нысандарды сақтау, қорғау мәселесін шешудің бірден-бір жолы оларды ашық аспан астындағы музейге айналдыру мен өскелең ұрпаққа насихаттау деп түсіндіреді. Өзі жетекшілік еткен Шірік Рабат археологиялық экспедициясы тарапынан зерттеу жүргізілген археологиялық ескерткіштерді қорғап, сақтауда осы тәсілге және өңірлер тарихын музейлер арқылы насихаттауға көп көңіл бөледі. Сонымен қатар, ол – Ұлттық музей (Астана қаласы), Қазақстан Орталық музейі (Алматы қаласы), Қызылорда облыстық және бірнеше аудандық тарихи-өлкетану музейлерінің кеңесшісі.

Жолдасбек ағаның отандық археология ғылымы дамуында жасаған еңбегі қоғам, мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол 400-ге жуық ғылыми мақала мен 12 монографияның телавторы. Бірқатар ғылыми еңбектері Италия, Түркия, Франция, Англияда басылып шықты.

Жанболат РАЙМҚҰЛҰЛЫ,
Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты



Сурет ашық дерексөзден алынды.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



<p>Меншік иесі СЫР МЕДИЯ жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)</p> <p>БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)</p>	<p>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</p> <p>Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</p>	<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу кәуілігі №12993-Ғ, 27.08.2012 ж.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>
--	--	---	---